

Түрік халықтары тағдыры тарихтың алапат үш иірімінде

Мырзахметұлы М.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

В статье рассматривается вопрос о влиянии поворотных событий в истории тюркоязычных народов на становление их духовных ценностей. Особое внимание автор уделяет исследованию направлений казахской литературы той эпохи. Созданные в разные эпохи произведения великих мастеров становятся объектом предлагаемого анализа. В статье освещены литературно-исторические предпосылки создания выразительности художественного слова, начиная с эпохи тюркского единства и вплоть до эпохи колониализма; рассмотрены роль воспитания и познания и их влияние на историческое сознание мощности искусства слова.

In article there are considered the question on influence of crucial events in history of Turkic peoples on becoming of their cultural wealth. The author of article gives special attention to directions of the Kazakh literature of that epoch. Products of great masters existed in different epoch have become an object of the analysis given in this article. There in the article are shined literary-historical preconditions of creation of expressiveness of an art of Kazakh word, since an epoch of Turkic unity and down to an epoch of colonialism. And also there is considered an influence and a role of education and cognition on historical consciousness of capacity of art of a word.

Көркем өнердің түрлері мен оның жанрлары бойынша дүниеге келген елеулі туындылары ғасырлар қойнауында ғұмыр кешкен халықтың рухани айнасына айналары шындық. Әйтсе де бізде түрік халықтарының қара шаңырағын ұстап отырған қазақтардың көне заман мен бүгінгі дәуірдегі рухани әлемін танып-білу жолындағы ғылыми әрекеті тым кеш басталды. Бұл кезеңде халқымыз Ресей патшалығының отаршылдық жүйесінен босанып, кеңестік заманда тоталитарлық идеологияның қол астында ғұмыр кешіп жатты. Осы себептен де рухани әлеміміздегі құндылықтарды танып білу мәселесі кеңестік биліктің қызметі таптық таным тұрғысында пайда болған тұрпайы социологиялық көзқарастың шеңберінен шыға алмай тұншығумен келді. Көркем әдебиеттің салалары мен жанрлары бойынша дүниеге келген туындыларды танып білу, бағалау мәселесіне таптық таным және әдебиеттің партиялығы тұрғысынан қарап бағалау талабы қатаң бақылауға алынып, шығарма атауларының тағдырын шешу социалистік реализм талабы тұрғысынан қаралып жатты.

Көне дәуірдің рухани мұрасын немесе классикалық деңгейдегі ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеп, ғылыми талдау әрекетінің қандайына болса да, осы идеологиялық талап қатаң түрде алға қойылды. Сондықтан да әдеби-рухани мұраны танып-білуге талпыну мен оны бағалау алғашқы кезде тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративистік бағыттар басым түсіп жатты. Ал, бұл танымнан сәл тыс кеткендер болса, аяусыз жазаланып қуғындалып отыр. Бұны Кеңестік дәуірдегі Одақтың барлық халықтары бастан өткерді.

Оның үстіне 1949 жылы СОКП ОК-і қабылдаған космополитизм жөніндегі арнаулы қаулы мәселені одан ары ұшықтыра түсті. Аталған қаулы, әсіресе, түркі халықтарын рухани нәр алған Шығыстық қазына көздерінен қол үздіруді мұрат тұтты. Өткендегі тарих, рухани, әдеби, мәдени мұрамыздың терең тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан барлап танып білуден көз жаздыруға арналған саяси-идеологиялық мақсатты көздеді. Әдебиетші-ғалымдар қаулының саяси ызғарынан бет бұрып, әдебиет тарихының бастау көздерін XVIII ғасырдағы Бұқар жырау мұрасынан бастауға дейінгі шегініс жасауға барды. Қазақстан КП ОК-і де бізді осы шеңберден шығармау әрекетімен тікелей айналысты. Қазақстан КП ОК-нің қазақ әдебиеті мен өнер туындылары жайында қабылданған қаулылардың бәрі де орталық қойған талапты орындауға ұрынып, «шаш ал десе — бас алдың» әрекетін қалтқысыз жүзеге асырып отырудың идеологиялық құралына айналды. Мысалы, Кеңестік Жазушылар одағының Бас хатшысы, атақты жазушы А.Фадеевтің «мен Шаяхметовты түсінбеймін, Жамбылдан басқа ақын-жазушылардың барлығына сенімсіздікпен қарайды» деп сынай жазудың біз біле бермейтін көп мәселенің астарлы сыры жатыр. Немесе Б.Момышұлының 1943 жылы қазақ тілінің тағдыры жайында ҚКП ОК-тіне арнайы шаралар қолдану туралы жазған хаты Орталық Комитет ұйымдастырған мәжілісінде қаралып, тиісті шаралар қолдану жайындағы шешімі не себепті жүзеге аспай қалуында да, яғни, артынша ол мәселені тұншықтырып тастауында да, біз біле бермейтін беймәлім әрекеттің болғаны да көп нәрседен хабар беріп тұр.

Түркістан өлкесін жайлаған байырғы түрік халықтарының бәрін де компартия көсемдері «жабайы, жартылай тағы халықтар» деп еуропацентристік танымның тұрғысынан қарап бағалап тануының өзіндік саяси астары бар болатын. Ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан халықтық барлық рухани қазына көздерін осы өктем еуропацентристік талап шеңберінен шықпай танып білу, осы тұрғыдан ғана насихаттау талабы саяси-идеологиялық өлшемге айналғанын ешкім де терістей алмайды.

1991 жылы тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бастап қана ой-таным еркіндігіне шындап бет бұру басталды. Бүкіл рухани қазына көздеріне бөгде жұрттың көзімен қараудан арылып, өзіндік ұлттық таным тұрғысынан танып-білуге мүмкіндік алдық. Тәуелсіздік заманы жаңа ой еркіндігіне бағыт алды. Әдебиет пен тарихымызды, басқа да саладағы рухани қазыналарымызды осы ой еркіндігі мұнарасынан қарап ғылыми зерттеулерге сүйенуге әрі соның тұрғысынан танып білуге, танытуға ойыстық. Бірақ баспандап кірген құлдық санадан арылудың жолы мысқалдап шығатын кеселдей баяу өтетіні өкінішті. Бұған біздің елімізде отарсыздандыру саясатының Прибалтика еліндегідей тегеуірінде түрде жүрмеуі де себеп болған тәрізді. Өйткені ой-танымда тоталитарлық идеология арқылы қалыптасқан стереотиптік жаны сірі қасаң кеңістік ұғымдардың тез арада өзгеріп, санадан тез шайылып кетуі оңтайлықпен жүзеге асатын құбылыс емес еді.

Алдымызға қойылып отырған осы жаңа талап, соны таным тұрғысынан бір-екі өзекті мәселеге назар салып барлай қарасақ та, көп нәрсенің астарлы сыры айқындала түспек.

Осы тұрғыдан қарағанда мәселенің бастапқы басқышы, яғни тұңғыш табалдырығы, қазіргі күндегі түрік халықтарының ежелгі түптөркінін, яғни түріктік түпотанын (прародинаны) ғылыми негізде танып-білу деңгейінің тым аласылығында жатқандай.

Қазіргі түрік халықтарының прототүріктік түпотаны, сол тұстан бері қарай қалыптасып келе жатқан тіліміз бен діліміздің, дініміздің түріктік дүниетаным болмысымыздың пайда болған о бастағы бастау Отаны (прародинасы) қайда деген мәселеде әр түрлі танымдық ой-пікірлер, тұжырымды байламдар айтылып жүр. Сол прототүріктік Отанымызды дәл меңзей алып, ғылыми тұрғыдан адаспай тани алсақ қана, ата-бабаларымыздың рухани қазынасындағы есте жоқ ескі замандағы қара қазанынан дәм татып, табиғи жұпар исін сезінер едік.

Соңғы уақыттағы ғылыми ізденістердің барысында анықталған ата-бабалар қолымен жасалынған тұңғыш рухани қазынамыздың қалыптасқан ошағы, яғни прототүріктердің атамекені, қазіргі Жерорта теңізінің гректер жайлап, өзіндік өркениетін өркендеткен заманының ар жағында жатқаны ғылыми болжам негізде меңзеліп отыр [1].

Прототүріктік атамекен уақыты жағынан б.ж.с.б алты мыңыншы жылдың ар жағында жатқан уақыт межесіне сілтейді, яғни «А» сызықты жазуы» деп аталатын («өлі тілді») өте көне рухани әлеміне қарай меңзейді.

Жалпы гректер әлеміндегі «А» сызықты жазулар мен «В» сызықты жазулары түгел оқылған. Бірақ «В» сызықты жазуының сыры оқылып, ондағы сөздердің мән-мағынасы ашылғанымен, «А» сызықты жазуындағы мәтіндердің мағынасын ашу мүмкін болмай келуі себепті, ол жазу оқылса да, ондағы сөздердің мағынасы ашылмауынан «өлі тілдер» қатарына ысырылды. Осы себепті ол жазуды ғалымдар «өлі тіл» деп қарастырып келді. Ал, бүгіндері ғалымдар ол жазудың құпия сырын ашып, оның түрік тіліне (қазақ тіліне) жататын өте көне жазу таңбасы екендігі анықталуда. Әрине, жаңалық атаулының бәрі де бірден мойындала бермейтіні бар. Мұны көне түрік жазу ескерткіштертін танып білу жолында орын алған машақатты талас-тартыстардың тарихынан хабары барлардың бәрі де біледі.

Бұл «А» сызықты жазу» таңбасы ғажап құбылыс әрі тамаша әлемдік жаңалық ретінде әйгіленіп, бүкіл әлем ғалымдарының назарына ұсынылуда. Олай болатын себебі, көне замандағы прототүріктер жасап қалыптастырған тұңғыш түрік өркениеті, яғни «А» сызықты жазу» табиғатын, қайталанбас дербес рухани әлем ретінде танып-білу міндет күн тәртібіне қойылуда.

Күні бүгінге дейін адамзат баласының теңдесі жоқ өркениет бесігі ретінде танылып келген Грек, Рим, Мысыр, Қытай өркениеттерінің пайда болу, қалыптасу уақыты б.ж.с.д. алты мың жылдық мерзім ішінде қалыптасқан бірігей құбылыс делінсе, түрік өркениеті осы алты мың жылдықтың ар жағында жатқан мейлінше көне тұңғыш рухани құбылыс деп танылуда. Сондықтан «А» сызықты жазу» өркениетті адамзат тарихындағы ең көне теңдесі жоқ тұңғыш өркениет үлгісі болып танылуы заңды құбылысқа айналмақ.

Түрік халықтарының түп ата мекені (прародинасы) саналған Жерорта теңізі аймағын темір құралмен қаруланған басқыншы жаулардың басып алу себептерінен прототүріктік ата жұртынан

кеткен түрік халықтарының соңғы мекені жайында тарихта қилы болжам, пікірлер де бар. Қос өзенді жайлап, артына қайталанбас өркениет белгісін қалдырған шумерлер де сол түрік халықтарының бір сілемі болса керек-ті. Немесе түпотанын тастап шыққан түріктер басынан бұлт айналған Орал тауы мен Еділ-Жайық кеңістігін еркін жайлап, соңынан Алтай-Саянды сағалап тұрақтаған тарихи іздері сайрап жатыр. Халықтардың ұлы көші басталғанда ұлы дала бойын жайыла жайлап, атақты қолбасшы Еділ бастаған жорықтың қарқынына ілесіп, еуропалықтармен де араласа қоныстасып, бұл өлкеге өз мәдениетін ала келеді.

Ал, Алтай мен ұлы дала жонында қалғандары Тұран деп аталатын ұлы өлке кеңістігінде тұрақтайды. Тұран аталымы арабтардың жаулап алуынан кейін Түркістан деп аталды. Түркістан аталымы ол өлкені Ресей мен Қытай империясы жаулап алып отарлаған соң, Орта Азия деген атаумен алмастырылса, бүгінде Орталық Азия деп аталына бастады. Міне, осы Орталық Азиядағы түрік халықтарының тарихи тағдыры көне замандағы жұмбақ сыры мол жер шарының үш тұсында пайда болған **тарихи алапат иірімдер** аумағында тағдыры шешіліп жатты.

Оларды түсінікті болуы үшін нақтылы түрде атап өтер болсақ, ол тарихи алапат иірімдер төмендегіше айқындалмақ

Ғұндар мен сақтардың, одан тараған түрік қағанаттары қытай, парсы жұртымен бетпе-бет келуі, екі арадағы тарихи талас-тартыстардың VIII ғасыр ортасына дейін созылып келіп, бәсең тартып босаңсуы тарту күші алапат зор тарихи иірімнің тоқырауына алып келді. Бар тарихи тағдырымыз VIII ғасырға дейін осы алапат тарихи иірім ауқымында шешімін тауып жатқаны түрік қағанаттарының тарихында өз болмысын толық көрсетті. 751 жылы Талас өзені бойында болып өткен соғыста қытай әскерінің күйрей жеңілуінен кейін бұл алапат тарихи иірімнің тартылыс қуаты әлсіреп, әрекет өрісі мүлде тоқтауға бет алды.

Түрік халықтары тарихтың алғашқы алапат иірімінің тарту күшінен босанып қана қоймай, өзінің бүкіл рухани болмысындағы халықтық жадының болмысын толық сақтап шығуымен де ерекшеленді. Түрік халықтарының тілін де, ұстанған дінін де, жазу таңбасы мен елді мекен жер атауында ұлы хандық, яғни қытайлық, мәдениеттің еш белгісі әсер етпей бастапқы табиғи қалпында сақталып, өзгеріске түспей өз қалпында жетті. Керісінше, музыкалық өнер жағынан қытайларға түрік халықтарының әсері болғанын тарихшы-ғалым әрі қытай тіліне жетік Әлімғазы Дәулетхан атап өтеді («Ақжол», 16.11.2006). Ә.Дәулетхан хундар пайдаланған «...қобыз аспабы 2000–3000 жылдан бері айтарлықтай өзгеріске түспей-ақ Қорқыт бабамызға, одан бізге жеткен» деп жазуында үлкен тарихи дерек көзі жатыр. Қобыздың шығу көзін біздердің Қорқыт атадан қайырып жүруіміз әбестік екенін аңғартады. Хундар заманында сахналық ән-би өнері болғанын қытай ғалымдарының өз аузымен атап өтетіні бар. Әрине, ән-би болған жерде өлең мәтіндері де болатыны табиғи нәрсе.

Дәулетхан Алып Ер Тоңа туралы жоқтау өлеңінен кейінгі тарихтағы нақты дәлелді көлденең тартады. Яғни қытайлар хундар пайдаланған «ху киімі, ху шатыры, ху төсегі, ху биі, ху театры, ху сыбызғысын» күнделікті тұрмысында астана ақсүйектері қажетіне жаратып пайдаланып отырған дерек көзін дәлел ретінде келтіреді. Ә.Дәулетхан, қытай деректеріне сүйене отырып, Қытайдың «Батыс хан патшалығы» дәуірінде өмір сүрген бегілі саясаткер әдебиетшісі Жия И (б.ж.с.д. 200–168 жж.) 10 томдық «Жаңа кітап» деген еңбегінің төртінші томында: «...Хундарда бұдан басқа «ху-шы» деп аталатын сахналық ән-би түріндегі өнері бар деп жазған айғақты дерек көзін келтіреді. Бұлардың бәрі де түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздері қайда жатқанын меңзейді. Әдебиет тарихындағы бұл іспеттес нақтылы дерек көздерінің б.ж.с.б. 726–168 жж. аралығында жатуы — кейбір менменсіп көкірегін көтере керген ұлы державалы астамшыл халықтардың түсіне де кірмейтін дерек көздерімен «тағы, жартылай тағы халық» атансақ та, заңды түрде мақтануға құқымыз бар халықпыз.

Бұл заман ауқымында түрік халықтарының рухани болмысы мен әдебиетінде, өнерінде өзінің түріктік белгілері де сақталып, олар бүгінгі ғылыми-зерттеу еңбектерінің нысанасына алына бастады. Жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздерін ғұндар мен сақтардың және көне түріктердің рухани ескерткіштерінен бері қарай тарту әрекеті жыл өткен сайын бел алып келеді.

Түрік халықтарының қара шаңырағын ұстанып қалған қазақ халқының әдебиет тарихын дәуірлеу жүйесін жоғарыда айтылған алапат тарихи иірімдер шеңберінде алып жүйелеуге табан тіреген орынды болмақ деп, төмендегідей қалыпты ұсынамыз. Бірақ біз бұл танымды тұжырымдамалық тұрғыдан ұсынғанда кейбір ұлт әдебиеттерінің (ұйғыр, түрік, эзербайжан т.б.) өзіне тән ішкі даму ерекшеліктері болатынын назарда ұстаймыз. Бұл жайында әрқилы пікір танымдардың болуы ықтималы да бар.

Қазірдің өзінде менің шәкірттерімнің бірі — Иманғазы Нұрахмет жақын арада қорғалған «Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу» деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ әдебиеті тарихының бастау көзін б.ж.с.б. ғасыр ішінде жатыр деген ғылыми танымын ұсынды. Бұған дәлел қытай тілінде жазылған нақтылы өлеңдері мен көптеген шашыранды өлең жолдарымен айғақты да нақтылы дәлелдер келтіруде.

Бұл тақырыпты тереңдеп зерттеу арқылы жаңа танымның орнығуына негіз болып қаланатын талай әдеби қайнар көздерін ашып беретін айғақты дәлелдер де баршылық. Бұл күрделі ой танымды деректі әдеби қайнамадар көзімен салыстыра отырып сарапталғанда келетін ой түйіні, әсіресе, жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының жүріп өткен ұзақ ғасырларға созылған жолдары тәрізді қазақ әдебиеті тарихын дәуірлегенде де оның ыза тартар бастау көзі тым алыста көне заман деректерінде жататыны алдымыздан шығады. Әрине, оларды халқымыздың басынан өткен алапат тарихи иірімдермен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыстар ретінде қарау жөн сияқты. Ол құбылыстарды рет-ретімен қарастыратын болсақ, әдебиет тарихын жүйелеудің желісі төмендегідей қалыпта көрініс беретіні заңдылықты байқаймыз:

I. Біздер ендігі заманда қазақ әдебиетінің о бастағы ыза тартар бастау көзін барлық түрік халықтарына ортақ рухани мұра ретіндегі б.ж.с.б. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырынан бастау — заңды құбылыс деп қараймыз. Өйткені тарихи рухани туынды «Авеста» мен Фирдоусидің «Шаһнама» дастанында қатар өріліп бас кейіпкер ретінде жырланатын Алып Ер Тоңа (Афрасияб) туралы эпикалық тарихи жырдың бір көрінісі — шумақты он екі жолды өлең жолымен, бірыңғай желілі ұйқас түрімен ерілетін таза жоқтау өлең үзіндісі негіз болатын әдеби мәтіннің өзі-ақ ғылыми тұрғыдан қарағанда тарихи тұрғыдан әдеби құжат ретінде айғақтайды. Тарихтың алапат тұңғыш иірімі Тұран-Иран арасындағы көне замандағы тарихи тартыстан басталып, ғұндар мен қытай арасындағы тарихи алапат иірімінде жалғасын тауып жатқаны көп нәрсенің сырын аңғартады.

Ал, қазіргі ғылыми ойдың үдере жылдам дамуы бізге бұл мәселені жаңаша дүниетаным тұрғысынан шешу қажеттілігін алға қоя бастады. Тәуелсіздік заманы талап еткен ой-танымдағы өзгерістер біздің алдымыздағы күрделі мәселелер мен міндеттер қоя бастағаны күн өткен сайын айқын сезілуде. Мысалы, мен «Тұранның ұлы қағаны» деп аталатын Афрасияб (Алып Ер Тоңа) туралы ғылыми мақала (Ақжол. 2004) жарияладым. Мақалада б.ж.с.д. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырының өлең үзініндегі («көг») желілі ұйқас түрінің дәстүрі Дулат ақын (1802–1872) мен Абай (1845–1904) өлеңдерінде жалғастық тауып, «көг» өлең үзініндегі есте жоқ ескі замандағы көне өлең өрнегінің дәстүрлік жалғастық тұрғыдан жаңаша дамытылуы өлең өрнектерінің болмысын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы дәлелденді. Осы мақала Түркістандағы Түркология институтының жетекші ғылыми қызметкері Сайран Әбушәріпке түрткі салып, ол «Афрасияб» деп аталатын үлкен ғылыми монографиясын жариялады. Белгілі ғалымдардың бәрі де Афрасияб туралы көне дерек көздеріне назар сала бастады.

М.Қашғаридің «Түрік сөздігіндегі» Алып Ер Тоңа туралы эпикалық тарихи жыр сілемдерін жинастырып (600 өлең жолы, немесе 150 шумақ өлең), осы дерек негізінде түрік халықтары әдебиеті тарихын б.ж.с.д. VII ғасырдан бастаудың ғылыми негізі бар деп сеніммен ұсынып отырмыз. Сүйенер дәлеліміз — «көг» деп аталатын байырғы бармақ өлең үзініндегі желілі ұйқастың қазақ әдебиетінде дәстүрлік жалғастық тауып, бүгінге дейін даму жолында түрленіп өзгерістерге түссе де, бастапқы табиғи қалпын таза сақтауында жатыр. Бұл көне дәстүр түрік халықтарының өлең құрылысында әрқилы түрде қолданылып келе жатқан өлең өрнектерінде өз белгісін танытып келеді.

II. Қазақ және түрік халықтары әдебиеті тарихының екінші дәуірі V–VIII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінен басталады. Дәл осы жазу тағбасындай шығысымыздағы сонау Енисей өзенінен басталып, Еуропаның Балқан тау сілемдеріне дейін созылған кең көлемдегі кеңістікті қамтитын әлемде басқа жазу таңбасы болған емес. Мұндай алапат рухани құбылыс мейлінше қалыптасқан мемлекеттік құрылыстан туындайтын болмысы бөлекше жатқан құпия сырға толы дүниеліктер. Еуразия өлкесінде шашырап жатқан әр тұстан кездесетін тасқа жазылған ескерткіштерді әлі де жанры жағынан толық айқындап ала алмай жатқан жазба ескерткіштерінің жанрлық табиғатын терең танып анықтау мәселесінде екі түрлі ой-пікір тұжырымдары орын алып, пікірталасы толастамай келеді.

Бір топ зерттеуші-ғалымдар еуропацентристік танымның ықпалынан шыға алмай көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туынды» деп өлең жанрына жатқызудың басында проф. И.В.Стеблеваның «Поэзия тюрков VI–VIII веков» (Москва, 1965) деп аталатын ғылыми монографиясы тұрады. Бірақ тас бетінде бедерленген көне түрік жазба ескерткіштерін ой жотамен өлең өрнегіне салудың дәлелді ғылыми негізі бар деуге келмейді. Өйткені проф. И.В.Стеблева —

еуропацентристік иірімнің тартымынан шыға алмай қалған ғалымдардың бірі. Бұл түгіл ертедегі түрколог-ғалымдар көне түрік жазба ескерткіштерін әуелгі кезде түрік халқының рухани мұрасына қия алмай, оны еуропалық халықтардың ата мұрасына жатқыза қарағаны есімізде. Қашан тастағы жазулар түрікше сөйлегеннен кейін ғана олар лажсыз райынан қайтып, мойындауға мәжбүр болды емес пе?

И.В.Стеблеваның көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туындыға» жатқызуының астарында осы еуропацентристік танымның ызғарлы табы жатыр. Олар түрік халықтарын жабайы, жартылай тағы халықтар деген танымды ұстанып келгенін бүгінде жасырып болмайтын шындық. И.В.Стеблева да осы таным тұрғысынан түрік поэзиясының көне заманда туып қалыптасқан «көг» (бармақ уәзіні) деп аталатын өлең өлшемі болғанын аңғарып біле алмаған. Сондықтан VI–VIII ғасырлардағы түрік өлең өрнегінде бір қалыпқа түсіп, жетілген өлең өлшемінің болуы мүмкін емес деп тұқырта қарауы себепті, баяндау үлгісіндегі **тарихи шежіре жанрын** «поэзиялық туынды» деген қорытындығы алып келген. Мұндағы мақсаты V–VIII ғасырға дейінгі түрік өлең өрнегі әлжуаз, дамып жетілмеген, бар даму деңгейі осы ғана деген балаң танымды алға тартады.

Түрік **өлең сөз мәдениетінің** басы б.ж.с.д. VII ғасырында Алып Ер Тоңа туралы бізге жеткен жоқтау өлең жолдарында жатыр. Ондағы өлең шумақтарын қай жағынан алып талдасаң да, шұқшия қарасаң да қалыптасқан өлең өлшемі негізінде шығарылған ауызша поэзиялық туынды екеніне көзің анық жете түседі.

Осы айтылған ой пікірлері ескере отырып дарынды ойшыл ғалым Құлмат Өмірәлиев: «... орхон ескерткіштерін «түрік поэзиясы» деп тану — бізге жеткен дүниені (табылған барды) түркі халықтарының **сөз мәдениетінің басы** деп түсінуден барып туған қате пайымдаулар», — деп жазған болатын [2].

Шындығына келсек, тас бетінде бедерленген көне түрік жазба ескерткіштерінің бәрі де проза жанрының өзіндік бір уақыт талабы тудырған қайталанбас түріне жатпағы жөн сияқты. Өйткені ол жазба тас ескерткіштеріндегі көне түріктік «көг» өлең уезініне сай жыр өрнектері, яғни буын, бунақ, ұйқас, шумақ, ішкі ұйқас түрлері табиғи қалпында өз ерекшелігін көрсете бермейтін жағын қайда қоямыз?

Б.ж.с.д. VII ғасырда «көг» өлең уәзіні, яғни бармақ уәзіні, сияқты қалыптасқан өлең өлшемін көне түрік жазба ескерткіштері не себепті ата дәстүрі ретінде қабылдап жалғастырып әкетпеген? Өйткені олар проза жанрында жазылуы себепті ол өлең дәстүрін жалғастырып әкетудің реті келмейді. Егер көне түрік жазба ескерткіштері өлеңмен жазылғанда, сөзсіз, ол дәстүр міндетті түрде қолданысқа түсер еді. Егер ол ескерткіштер өлең түрімен жазылғанда, желілі ұйқасты бармақ уәзінімен жазылған дәстүрдің жалғастық тапқан ғажап үлгілерін көрген болар едік.

Көне түрік жазба ескерткіштерінің табиғи жанрын дәл анықтап алмай жатып, проза түріндегі туындыны жасанды түрде поэзия жанрына жатқызып танытуымыздың қисыны жоқ. Түбінде жасанды танымды әр кезде-ақ табиғи таным өз қалпына түсіріп отыратын заңдылық үстем болса керек-ті.

V–VIII ғасырлардағы көне түрік жазба ескерткіштері дәуіріндегі аласапыран тарихи оқиғалардың болмысынан терең мазмұнды сыр шертетін тарихи шежіре жанры тілімен жазылған көне түрік жазба ескерткіштері дүниеге келді. Осы себепті бұл **бірінші әлемдік алапат тарихи иірімнің** шеңберінде көк түріктер қағанаты мен Қытай империясының арасында болып өткен сан қилы талас-тартыстардың шеңберінде қаралуы жөн. Бұл тартыс сонау көне замандағы Ғұндар мен Қытай империясы арасында болып өткен тарихи тартыстардың заңды жалғасы болып табылатын алғашы алапат тарихи иірімнің өзіне айналып кетті десе болғандай.

Бұл таным бізді бүгінге дейін қазақ әдебиеті тарихи белгілі ғалым профессор Б.Кенжебаевтың тұжырымдамасы негізінде басқа туысқан түрік халықтары тәрізді VIII ғасырдағы ойма жазу ескерткіштерінен (Орхон, Енисей жазба ескерткіштері) бастау алып, даму үстінде келеді.

Түрік халықтары көне замандардағы парсы жұртымен (VIII ғасырдан бастап парсыларды жаулап алған арабтармен) бетпе-бет келіп, соңыра олармен бар салада мидай араласып, құндылықтар алмасуымыз VIII–XVIII ғасыр аралығына дейін мың жылдан астам уақытқа созылған осы **екінші тарихи алапат иірім** ауқымында өтіп жатты. Он ғасырдан астам ұзақ мерзімге созылған осы аралықта түрік халықтарының тағдыры шешіліп, рухани құндылықтары талай рет сапырылысқа түссе де, өзінің халықтық әдет-ғұрыптың тамырынан қол үзбеген өміршең дәстүр жалғастығын бастан кешіп жатты. Дегенмен түрік халықтарының рухани дүниетанымында елеулі өзгерістер орын алып, қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиет туындыларында сырттан енген маргиналдық сананың белгісі анық аңғарылып тұратыны бар. Мысалы, атақты түрік халықтары әдебиетінің классикалық

туындысы Жүсіп Хаскаджиптің «Құтадғу білік» дастанында молынан сөз болатын мұсылмандық дүниетаным салаларынан елеулі көріністері осы айтылған пікірдің айғағындай алдымыздан шығатынын терістей алмасақ керек.

Қазақ жеріне мұсылмандық дін VIII ғасырдың орта тұсында біртіндеп ене бастады. Халқымыз ұстанған монотеистік танымдағы Тәңірлік дін осы танымды ұстанған ислам дінімен үйлесім тауып, жаңа діннің бейбіт жолмен халық санасына сіңісуіне мүмкіндік тудырып отырды. Осы ерекшеліктен болса керек тәңірлік діннің кейбір атрибуттары бүгінге дейін халқымыздың салт-санасында жиі ұшырасып отыратыны жай нәрсе емес-ті.

Ислам діні дендеп енумен бірге қазақ даласына араб әлемінің ғылымы мен мәдениеті де кеңінен тарап, мектеп медреселер арқылы кеңінен тарап өрісін жая түсті. Араб ғылымы мен философиялық ойын дамытуға түрік елінен шыққан Әл-Фараби, Бируни, Ж.Баласағұни, Ясауи, тағы басқа санлақтар айтарлықтай үлес қосып жатты.

VIII–XVIII ғасыр арасында мәдениет пен философиялық ой танымдағы, өнер мен ғылымдағы бүкіл адамзаттың ой-танымды деңгейін биікке көтерген өнер, ғылым санлақтары туындыларында көрініс берген өмір шындығын әлемдік алапат тарихи екінші иіріміне тартылған құбылыс ретінде қараймыз. Бұл аталып өткен тарихтың алапат иірімінің тарту күші он ғасыр бойы түрік халықтары әлеміндегі мәдени, рухани болмысымызды қалыптастыруы себепті бұл кезең ішінде болып өткен әдеби болмысымыздың даму жолындағы іштей байланыстағы үш кезеңін қамтитын құбылысты көреміз.

IX–XII ғасырлар арасындағы Қараханидтер дәуіріндегі түрік халықтарының бәріне ортақ тұңғыш жазба әдебиетінің классикалық туындыларын қамтиды. Осы кезеңнің маңдай алды ұлы туындылары Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны, М.Қашқаридің көп томды «Түрік сөздігі», Ясауидің «Хикметтері», Бақырғани мен Сопалаярдың, тағы басқа ақындар мен ойшылдардың туындыларында сол заманның рухани әлеміндегі өзгерістер өз көріністерін беріп жатты. Түрік халықтарының рухани әлемінде бүкіл адамзаттық жәуан мәрттік ілімінің негізі салынып, адам жанын рухани жағынан тазаруы жайындағы ар ғылымы қанат жайып, өрісі кеңі түсті.

XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихында ортақ рухани тұтастықтың болмысын жырға қосып әспеттейтін жазба әдебиет үлгілері дүниеге келді. Алтын Орда заманында туындаған ортақ рухани тұтастықты жырға қосқан әдебиет туындыларын танып білу бізде көпке дейін қолға алынбай келуіне ұлы державалық таным ырық бермей келді. Тіпті Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет деген атаудың өзін тұншықтырып қуғынғы салып отырды.

Түрік халықтарын рухани бір тұтастыққа түсіріп билеп отырған Алтын Орда империясы ыдырап, түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға бөлініп, тарыдай шышылып бөлшектеніп кетті.

Дербес халықтардың билігіндегі түрік халықтарының өздеріне тән ұлттық әдебиеттері пайда болып, өріс ала бастады. Осы себепті Алтын Орда ыдырап кеткенге дейінгі түрік халықтары әдебиетін солардың бәріне тән ортақ әдебиет ретінде танып, қарастыруға бағыт алдық. Осы таным тұрғысынан бүкіл түрік халықтарына ортақ әдеби мұраларды, яғни Алып Ер Тоң туралы эпикалық тарихи жырды, ойма жазу ескерткіштерін, Оғыз қаған эпосы мен Қорқыт мұрасын, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Бақырғани және тағы басқа әдеби құндылықтарды, түрік халықтарының бәріне ортақ әдеби мұра ретінде тану мәселесі мақұлдануда. Осы жағдайға орай XV ғасырдан бастап Алтын Орда империясы құлап, түрік халықтары бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп, өмір сүре бастаған заманды ұлттық әдебиет тарихының Басталу кезеңі деп тану мәселесі де алға қойылып отыр. Міне, осы ортақ таным тұрғысынан келіп, әдеби мұраны әркім өз ұлтына қарай тартқылып таныту әрекетіне тосқауыл да қойылмақ.

XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы абыздардан өріс алған жыраулық әдебиет үлгілері біздің әдебиет тарихында Қазақ хандығы тұсындағы қазақ әдебиеті деп аталып жүр. Қазақ ұғымындағы абыздар интуитивтік сана-сезімнің өкілі болуы себепті келешекті алдын ала болжай білетін көріпкел сөз өнері жағынан қазақ көркем өнерінің синкреттік табиғатын орнықтырған белгілері мен көріпкелдік қасиет жыраулар поэзиясында көрініс беріп отырды. Мысалы, Асан Қайғыдағы интуитивтік сана-сезімнің орын алған белгісі оның көріпкелдік, алдын болжағыштық сөздерінен көрінеді. Мысалы, оның «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» толғауындағы болжамын Бұқар жыраудың Абылай хан сұрауына берген жауабында анық сезінеміз. Біздің қазақы ұлттық әдебиетіміз Қазақ хандығы тұсында қалыптасты. Бұл кезеңдегі рухани тұтастығымыз, қалыптасқан бір бүтін мәдениетіміз, монолитті тіліміз, исламдық дініміз, ұлттық дүниетанымымыз бен салт-санамыз, әдет-ғұрпымыз мызғымас бір ізділікке түсті. Бұл ерекшеліктің бәрі де арғы басы абыздардан

басталатын жыраулар поэзиясының табиғатында тұнып тұр. Бұл асыл қасиеттерден біз отаршылдық заманда сырттан енген қысымның күшімен біртіндеп айырыла бастадық.

Тұран өлкесі халықтарының тағдыры XVIII ғасырдан бастап Ресей империясымен бетпе-бет келіп, сол арқылы еуропалықтармен жалғасып, тікелей қарым-қатынасқа түсуіміз бүгінге дейін созылып отырған тарихтың аса қуатты үшінші иірім шеңберінде шыр айналып, тағдырымыз осы иірімнің тарту күшімен шешіліп келеді.

Тұран өлкесін жайлаған барлық түрік халықтарының тарихи тағдыры мен рухани болмысы, ондағы болып өткен түрлі тарихи сапырылыстардың бәрі де осы аталып өткен тарихтың сырға толы үш бұрышындағы адуынды тарихи иірімдірдің тартылыс шеңберінде өтіп келеді. Біз үшін енді тарихтың үш бұрышы саналған осы кеңістікте пайда болып қалыптасқан рухани қазынамызды (біртіндеп қалыптасқан жалпы түрік халықтарының рухани әлемі, оның ішіндегі әдеби-мәдени қазынасы) осы кеңістік аумағында қарастырып таныту міндеттері алға қойылып, жанаша дүниетаным негізінде сарапталған шешімдер негізін танып білуді филолог, тарихшы ғалымдар мен қазақ философтарынан күтудеміз.

Жалпы түрік суперэтностының (қазіргі күнде 49 ұлт пен ұлыс) бір әлеуеттің бұтағы — қазақ әдебиеті тарихының дәуірлеуін аталып өткен тарихи тағдырымызбен бірлікте алып қарастыру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып, ғылыми тұрғыдан шешімін күтуде. Өйткені бүкіл болмысымыз бен рухани әлеміміздегі жақсылы-жаманды бүкіл өзгерістеріміз түрік халықтарының Ресей мен Қытай империясы отаршылдық саясатының желісінде шешіліп келді. Осы себепті бодандық дәуірде дүниеге келген әдебиетімізді **отаршылдық дәуірдегі әдебиет** деп атауды ұсынып келеміз.

XVIII–XX ғасырдағы **отаршылдық дәуірдегі әдебиет** төмендегідей қалыпты жүйеге түсіріліп сараланбақ.

XVIII ғасыр басындағы вассалдық дәуірдегі, яғни, сырттай Ресей мен Қытай империясы билеген, ал ішімізді өзіміз билеген кезеңнің әдебиеті. Бұл тұстағы ұлттық идеяның ұраны қалмақтарға қарсы Ұлы Отан соғысында халықтық деңгейге көтере алды. Бұл замандағы өмір шындығы Бұқар жырау бастаған жыраулар поэзиясында өз көрінісін тауып жатты.

XIX ғасырдың **алғашқы жартысындағы** бір тұтас қазақ әдебиетінің отаршылдық ырқына түсіп, бөлшектену, бұрынғы тұтастығынан айрылу заманы басталды. Осының нәтижесінде Қазақ хандығы кезінде бір тұтас, біркелкі дамып келген қазақ әдебиеті отаршылдардың кәнігі «бөлшекте де билей бер» саясаты нәтижесінде үшке бөлініп, арасы ашылып, алшақтап кеткен қалпын көреміз:

- Кіші жүздегі сұлтан-правительдер билігі тұсындағы саяси-элеуметтік жағдайдан туындаған қайталанбас өмір шындығы Махамбет бастаған ақындар поэзиясында толық бейнеленді. Бұл ақындар жырындағы ортақ белгі сұлтан-правительдер образын жасаудағы ақындық бағыт пен сатиралық сарын мығым түсіп жатты. Бұл өлкенің орталығы Орынбор қаласы болып табылады;
- Орта жүздегі отаршылдық ел билеудегі өзіндік ерекшелік аға сұлтандар билігі тұсындағы өмір шындығын әшкерелей жырлап аға сұлтандар образын сомдаған Дулат ақын бастаған ақындар шығармаларында қайталанбас өз көрінісін беріп жатты;
- Қоқан хандығы қол астындағы Ұлы жүздегі ел билеу жүйесіндегі датқалар билігі дәуіріндегі әдебиет дәуіріндегі әдебиет Жанкісі жырау мен Сүйінбай бастаған ақындар поэзиясында датқалар образын сомдап бейнелеудегі ортақ сарынды ұшыратамыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы мен Қазақ жері мен Түркістан өлкесін тұтас жаулап алған соң, оларды Ресейдің ел билеу жүйесіне жақындату мақсатымен ел билеудің бірыңғай территориялық принципті ұстанған **болыстық жүйесін** ендіру дәуіріндегі әдебиет кезеңі 1867 жылдан 1917 жылға дейін созылды. Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абайдың саналы өмірі осы билік жүйесінің шеңберінде өтті. Осы дәуірдегі саяси-элеуметтік өмірде болып өткен өмір шындығы тудырған құбылыс атаулының бәрі де Абай шығармаларында реалистік тұрғыдан дәл суреттеліп, өз көрінісін толығымен беріп, әдебиетті жаңа өріске бастады. XX ғасыр басындағы, яғни, **Ояну дәуіріндегі әдебиет** деп атауымыздың мәнісі осы тұста әдебиет майданына қызу араласқан ақын-жазушылар шығармасындағы ортақ сарын қазақ халқының ұлттық санасын оятуға жұмыла кірісуіне байланысты осылай атап отырмыз. Бұрындары осы тұстағы әдебиет тарихын жүйелуде оны екі бағытқа бөле қарайтын. Біріншісі, бұржуазиялық ұлтшылдық әдебиет деп аталса, екіншісі, ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиет деп бөлінетін. Әрине, бұл ғылыми танымға шалыс

келетін әдебиеттің партиялығы мен таптығы деген марксистік дүниетаным тұрғысынан қабылданып саясаттанған байлам болатын.

Алаш ұранды әдебиет таптық, партиялық танымды қабылдамауы себепті, олардың артына шам алып түскен ұр да жық солақай сындар жазған әдебиетшілер де баршылық еді.

Кеңестік билік дәуіріндегі әдебиет 1917 жылдан 1991 жылға дейін созылды. Қазақ совет әдебиетін дәуірлеу мәселесі туралы ой-танымдар совет ғалымдардың ой-пікірі мен ұстанған жолдары қалың оқырман қауымға кеңінен мәлім.

Кеңестік билік заманындағы әдебиет әлемінде болып өткен халық санасының мәңгірттеніп, жас ұрпақтың тарихи жадынан айрылып, коммунистік партияның бір текті кеңес адамын қалыптастыру саясатының теріс әсері жайында айта кетудің де жөні бар.

Қазақстанның тәуелсіздік жолына түсуіне байланысты ой-сана мен танымдағы түбірлі өзгерістердің ұлттық сананы оятуына орай өткен заман мен кеңестік дәуірдегі әдеби-мәдени құндылықтардың бәрін де ояңған ұлттық сана мен бүгінгі заман талабы тұрғысынан халықтық тарихи жадымызды жаңғыртуына қарап бағалайтын бағыт-бағдар күн өткен сайын күш алып үдей дамып келеді.

Кеңестік дәуірдегі әдебиет тарихын сөз еткенде, онда айрықша орын алған әдебиеттегі бір рухани құбылыстың қайталанбас өзіндік ерекшелігіне назар аударып, оның орын алу себепін айқындап алудың орны да, жөні де бар. Өйткені қазақ халқының бір ғасыр ішіндегі, яғни XIX ғасыр ішінде, өмір сүрген төрт түрлі ұрпақ аралық алмасудың төрт кезеңі де рухани тұтастық желісі үзілмей ұрпақ дәстүрі жалғасын тауып бірінен-біріне өтіп отыратын заңдылық сақталған. Өткен ғасырлардың бәрінде де осы заңдылық үстем болып толассыз жүріп жататын. XIX ғасыр ішіндегі отарланған заманның өзінде де саяси-әлеуметтік жағдайдың отаршылдық саясат арқылы бұзыла бастаған өзгерістерге орай ұлттық рухани дәстүрде үзіліс болмай, ұрпақтар заңды жолмен алмасып отырған дәстүрлі тұтастықтың жалғасын көреміз. Бұл құбылыс ғасырлар бойы қайталанып, үзіліссіз жалғасын тауып отыратын табиғи қалпы жайында Бауыржан Момышұлы: «У нас есть последственная преемственность всего благородного от поколения к поколению. Именно в этом достоинство нашего народа. Именно в этом суть нашего прогрессивного мышления и стремления к идеалам...», — деп өзінше жаңаша танымдағы ой толғанысынан ұрпақтар алмасуы арасында дәстүрлі жолмен болып жататын табиғи заңдылыққа айрықша мән бере қарайтын ғылыми ой танымын ортаға тастайды. Кеңестік дәуірде айтылған бұл көреген әрі батыл пікірде саналы ұрпақ сабақ алар ғылыми ой-өнегесі жатыр.

Кез келген ұлттың бойындағы осы тұрақты табиғи заңды құбылыс XX ғасыр ішіндегі қазақ қауымы арасындағы ұрпақ алмасу тұсында елміздегі саяси-әлеуметтік алапат өзгерістерге байланысты ұрпақтар арасындағы рухани дәстүр жалғастығы алғаш рет зорлықпен **күрт үзіліс тауып, қасіретті рухани құбылысқа** айналып жүре берді. Бұл қазақ қауымының басына алғаш рет түскен аса ауыр қасірет XX ғасыр ішіндегі ұрпақтар алмасу жолында айрықша қайталанбас өз көрінісін берді. Бұл өзгерісті еске алмай кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінде болып өткен адам жанындағы рухани өзгерістердің табиғатын терең танып біле алмаймыз. Бұл құбылыстың сырын танып білу ғана бізді шындық жолға тура бастайды.

Қазақтардың «Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда — қазан» деген өмірлік тәжірибеден туған даналық сөзінің терең мән-мағынасы барлығына ой жүгіртіп, жүз жыл ішінде алмасатын ұрпақтар буынындағы ерекшелікке айрықша мән бере қарау қажеттігі алдымыздан шығады. Мысалы, қазақ халқының XIX ғасыр ішіндегі ұрпақтар буынының алмасу ерекшелігіне назар аударсақ, дүниетанымдағы ұлттық салт-санадан, әдет-ғұрыптан дәстүрлік жалғастықтың бұрыннан қалыптасып келе жатқан табиғи болмысы толассыз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа тоқтаусыз өтіп отырған табиғи қалпын көреміз. Бұл дәстүр әр халықтың жүз жыл ішінде **ата буын, аға буын, орта буын, жас буын** болып, бұлар кезекпен алмасып отыратын тұрақты табиғи заңдылығын айғақтайды. Халықтық дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-санадағы ұлттық таным бір ұрпақтан келесі ұрпаққа дәстүрлік жалғастық тауып отырды. Мұны ұлы Абайдың сөзімен кестелеп айтар болсақ:

*Дүние — үлкен көл,
Замана соққан жел.
Алдыңғы толқын ағалар,
Соңғы толқын інілер,
Кезекпенен өлінер,
Бәрі бірдей көрінер, —*

деп бұл табиғи құбылыстың ұрпақтар арасындағы заңды түрдегі алмасуының өзі болып шығады. Толассыз өмір ағысындағы үнемі қайталанып отыратын ұрпақтар арасындағы тұрақты рухани дәстүрлік жалғастықтың мәңгілік тұрақты құбылысқа айналған заңдылығы ашық көрініп тұр. XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудан Жанак ақынға дейінгі өнер саңлақтарының бірінен-біріне өткен дүниетанымдағы рухани ұлттық дәстүр жалғастығына қылау түспеген. Ал, XIX ғасырдағы Махамбеттен (1804 жылы туған) басталып, Абаймен (1904 жылы қайтыс болған) екі аралықтағы бір ғасырға созылған төрт буын ұрпақтың заман сазына сай пайда болған туындыларында да буын арасындағы рухани дәстүрлік жалғастық табиғи қалпын бұзбай сақтаған ерекшелік те айқын із тастап тұр.

Ұрпақтар арасындағы сан ғасырлар бойы қайталанып келген осы тұрақты табиғи рухани дәстүрлі жалғастық тұңғыш рет XX ғасыр ішінде кенет қолдан зорлықпен бұзылып, түбірлі өзгеріске түсіп күрт үзіліп қалуы аса ауыр орны толмас ұлттық рухани қасіретімізге айналды. Бүгінде соның ұятты зардабын әлі де болса тартып келеміз.

Қазір баспасөз бетінде неге ауылдарда қазыналы ақылгөй шежіре қарттарымыз мүлде азайып көз жаздырып барады. Ал әжелеріміздің көбі, әсіресе, қалалы жерлерде «цивилизованный» әжелерге айналып, немере-шөбелерін бауырына басып мәпелеп бағып қағудан сырт қалуда? Бұрындары ата ұрпақ арасында әр ауылда ұлтымыздың рухани қазынасын бойына жиған көкірегі шежіре қарттарымыз мол болып, өмірден көріп білгендерін жас ұрпақтың құлағына сіндіріп бір ауылды бір өзі-ақ тәрбиелеп отырушы еді. Енді олардың орны толмай отырса, халықтың әжесі болған Абайдың әжесі Зере мен Бауыржан Момышұлының әжесі Қызтумас тәрізді әжелер бүгінде некен-саяқ, сирек ұшырасуда. Осы себепті оқырмандар тарапынан «неге?» деген сұрақ жиі қойыла бастады. Бұл құбылыстың құпия жасырын сыры жоқ, бәрі де ұрпақтар буыны алмасқанда сақталып келген бір буыннан келесі буынға ауысып отыратын тұрақты ұлттық рухани дәстүрлі салт-сана, әдет-ғұрыптағы табиғи жалғастықтың тоталитарлық зорлықпен күрт үзіліп, күшпен жойылуында жатыр.

XX ғасыр басындағы ата ұрпақтың бойындағы рухани қазынаның аға ұрпаққа берілер дәстүрлік жалғасын кеңестік таптық саясат **саналы түрде** күрт үзілуіне алып келді. 1930–1937 жылдан кейін дүниеге келген бүгінгі ата ұрпақ өкілдері **тұтастай мәнгүрттену** жағдайын бастан кешті. Бұлардың мәнгүрттенуіне Қазақстан Республикасының басшысы болған қаныпезер, ұр да жық әрекеттің иесі Голощекиннің И.В.Сталинге жазған қызмет хатында (Советская степь, 20.11.1927.): «...бесінші кезеңде — қалған барлық қазақ зиялыларының көзін жойып, қазақ әліппесін тағы да ауыстырып, осындай әдіспен жеткіншек ұрпақтың өз халқының тарихын бастапқы тума көздерден оқып білу мүмкіндігінен айыру», — деген саяси ұстанымдағы бағдарламасын Сталиннің: «Голощекин жолдас! Менің ойымша, қызметтік жазбада атап көрсетілген саясат, негізінен, бірден-бір дұрыс саясат болып табылады», — деп ресми түрде бекітіп беруі арқылы келешек жас ұрпақты тұтас мәнгүрттендірудің саяси негізін салып беруінде басымызға түскен барлық қасіреттің өзекті қанды желісі жатыр...

Осы аға ұрпақтың өкілінің бірі — менің өзім де қатты мәнгүрттеніп, ұлттық сананың оянуына байланысты есімді әрең әрі кешірек жидым. Голощекин ұстанған саясаттың көздеген мақсаты негізінде мен, өз замандастарым сияқты, қазақ әліппесінің ауысуына байланысты өзіме дейінгі ұрпақтың ой қазынасын оқып-білуден мақұрым қалдым. Біздер халықтың тарихи жадынан қол үзіп, ата ұрпақтың бойындағы дәстүр арқылы бізге ауысатын барлық ой қазынасынан айрылып құралақан қалдық. Біздерді, жасөспірім жастарды, халықтың ұлттық әдет-ғұрып, салт-санасын байшылдық-феодалдық қалдықтың кертартпа қалдығы деп танытты. Мен өсе келе мәселеге сын көзімен қарайтын деңгейге жетсем де бәрібір мен жазған ғылыми, публицистикалық еңбектерде мәнгүрттіктің рухани табы аңдаған кісіге байқалып тұратынын өзім де іштей сезінемін.

Табиғи жолымен сақталып дамып келген бұл рухани дәстүрлі жалғастықтың бұзылу себебі қайда жатыр деген сұрақ алдымызға қойылып, оның себебін танып-білуге назар аудармай тұра алмаймыз. Бұл мәселе әсіресе ұлттық әдебиет саласында орын алған асыра сілтеу заманында анық белгі беріп жатты.

Ал енді XX ғасыр ішіндегі қазақ елінің алғашқы буын өкілі, яғни **ата буын** өкілдері (мысалы, 75 пен 100 жас арасындағы өкілі А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б.), одан кейінгі екінші буын, яғни **аға буын** өкілдері (50 мен 75 жас аралығындағы Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, О.Сүлейменов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ғ.Қайырбеков т.б.), үшінші буын, яғни 25 пен 50 жас аралығындағы, **орта буын** өкілдері, ал ең соңғы буынға жататын 25 жасқа дейінгі **жаңа буын жас толқын** арасындағы рухани ұлттық дәстүрдің жалғастық таппай қалуынан орны толмас аса ауыр қасіретін шегіп отырмыз.

Сан ғасырлар бойы біздің ой-санамызға сырттың идеологиялық әсері басым түсіп жату тәрізді келеңсіз құбылыстың орын алып, одан арыла алмай отыруымыздың себебі мен сыры қайда жатыр?

Бүгінгі ата ұрпақтан басталған жаппай мәңгірттенудің ең соңғы ұрпақтарға дейін созылып келуінде қандай себеп бар? Оның төркіні қайда жатыр? Осыларды жете танып білмейінше, XX ғасыр ішіндегі ұлттық әдебиет тарихында болып өткен әр түрлі рухани құбылыстардың астарын дәл танып, саяси-әлеуметтік себептерін толық біліп анықтай алмаймыз.

Бұл құбылыстың түп тамыры Ресей империясы мен оның мұрагеріне айналған Кеңес үкіметі жүргізген әділетсіз ұлттық саясаттың астарында жатыр. Отаршыл Ресей империясы өзі жаулап отарлаған Түркістан өлкесіндегі халықтарды шоқындырып орыстандыру саясатын мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Осы мақсатқа жету үшін аямай жомарттықпен қаржы бөліп, миссионерлік ұйымдарды қоздатты. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бұл аса жауапты жұмысты атақты профессорлар Ильминский, Алекторов, Остроумов тәрізді миссионер ғалымдарға тапсырды. Олар қазақ елін шоқындырып, орыстандырудың ең қолайлы **төрт түрлі ұрымтал жолын** пайдаланудың идеологиялық күрес жолын алдымен қолға алғандар болатын.

Олар, **біріншіден**, қазақ жастарын тек **аралас мектептерде (орыс-түзем мектептері)** оқыту арқылы ұлттық санасын өшіріп, алдымен, жастардың тарихи жадын шайып мәңгірттендіру жолына шешуші мән бере қарады. Миссионер-ғалымдар орыстандырудың басты кілті аралас мектеп түрінде жатыр деген танымды ұстанды. Осы танымды кеңестік идеологтар аралас мектеп — халықтар достығын нығайтатын идеологиялық құрал деп қарады. Қазақстан Оқу министрінің орынбасары Щербаков Қазақстандағы аралас мектептер халықтар достығын нығайтуда тәлім-тәрбие беру жұмысының ең өзекті мәселе екендігі жайында кандидаттық диссертация қорғады. Бұл «ғылымсымақ» диссертацияның қорғалуына жазушылар С.Мұқанов, Б.Момышұлы, тағы басқалар тікелей қарсылық білдірді. Ғылыми кеңесте С.Мұқанов қатты сынап сөйлесе, Б.Момышұлы Сәбең берген хатында: «Сәке! Мен ойланып ҚазПИ-дің бүгінгі жиналысына бармайтын шешімге келдім. Бір жаман орысқа күллі қазақ шуылдап, жабысу бізге жараспайды. Адамды өлтіру үшін бір-ақ оқ керек. Сіздің сөзіңізге қосымша — том 24, 154–155-бет В.И.Ленин: «У нас например, при Комиссариате просвещения или около него есть коммунисты, которые говорят: Единая школа, поэтому не смей учить на другом языке, кроме русского, по-моему, такой коммунист это — великорусский шовинист. Он сидит во многих из нас. С ним надо бороться, их надо убрать с пути просвещения», — дейді В.И.Ленин», — деп жазуы арқылы өз қарсылығының төркіні қайда жатқанын меңзеп өтеді.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі осы кертартпа танымға қарсы күрес жүргізудің орнына соның артынан мұрнын тескен тайлақтай елпектей еріп келе жатқанын көргенде сүйінесің бе, күйінесің бе? Қазақстандағы екі мыңнан астам аралас мектептер өмір сүріп тұрғанда жас буын жаңа ұрпақтың мемлекеттік тілді меңгеруі екі талай. Бұл мектепте оқитын қазақ балалары орыстанудың классикалық жолынан өтіп жатқаны Білім және ғылым министрлігінің санасына кіріп те шықпайды! Не деген танымсыздық, не деген керенаулық?...

Екіншіден, қазақ жастарының халықтық тарихи жадын жойып, ұлттық дәстүрінен қол үздіру үшін қазақ халқының он ғасыр бойы қолданып, мұсылмандық, ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың негізін қалаған араб жазу таңбасын әуелі латын (1930 ж.) таңбасына, артынша 1940 жылы бірден орыс жазу таңбасына ауыстыру арқылы халықтың тарихи жадын шаю сияқты аса нәзік саясат арқылы өткен тарихын білуден мүлдем мақұрым қалдыруды көздеді. Голощекин мен Сталиннің ұстанымы өз «жемісін» тоқтаусыз түрде беріп жатты. Осы себепті түрік халықтарының ортақ жазу таңбасы мен ортақ емлеге негізделіп әрі түрік халықтарының рухани тұтастығын сақтаудың кілтіне айналған түрік халықтарына ортақ араб жазу таңбасын істен шығаруды саяси-идеологиялық мақсат ретінде ұстанды. Бірақ орталық осы саясатын қазақтардан шыққан солшыл танымдағы қоғам қайраткерлері мен сатымсақ ғалымдарының қолымен жүзеге асырған айлакерлік саясаттың қулығына құрық бойламайтын жағына да назар салмақ керек. Бұл саяси мақсатты қазақ зиялыларын бір-біріне қарсы қойып, солардың солшыл ұраншыл тобының қолымен жүзеге асырып жатты.

Үшіншіден, Ресей империясы түрік антропонимдерінің орнына біртіндеп орыс, еуропа антропонимдерін шым-шымдап сіндіру амалын іске қосты. Бөгде халықтар антропонимін тұтынған қазақ олардың идеясы мен рухын өл-өлгенше насихаттайтын ұлттық рухы өлген тіл алғыш нағыз мәңгірттің өзі болып шығады. Бұл жолды Кеңес үкіметі халықтар достығы деген жалған ұранды жамыла отырып, аса шебер нәзік тәсілдермен жүзеге асырып келді. Ұлттық санасы әлсіз халық бұл мәселеге мән бермей тез бой алдырады. Ал, отаршылдық ұлыдержавалық санасы жетілген халықтар бұл құбылысқа айрықша мән бере қараған. Осы себепті қазақ ішінде сан ғасырлар бойы аралас тұрған орыс қоғамының ең төменгі сатысындағы топтың өкілі саналатын ішкіштер (алқаштары) мен ұры-

карылардың бірі де өз баласына қазақ атын қоюға аяғын аттап басқан емес. Іздесең де ырымға бірін таба алмайсың.

Төртіншіден, халықтың тарихи санасы мен халықтық жадының сақталуына рухани нәр беріп жандандырып тұратын бір көнікті рухани бұлақ көзі — «ел тарихы — жер тарихына» аяусыз қатыгездікпен қол салуында жатыр.

Халықтық топонимдер орнына саналы түрде отаршылдық, тоталитарлық топонимдерді қапталты. Мұндағы мақсаты да жергілікті халықты тарихи жадынан жаңылдырып өткендегі ата дәстүрін ұмыттыру арқылы құлдық санаға түсіру әрекетін көздеді. Қазақ жерінің жартысынан астамы орыс тілді елді мекен, жер атауларымен аталып шұбарланып кетуінің сыры да осы мақсаттың жүзеге аса бастауының айғағы болатын-ды. Ресей жерінде патшалық заманда да, кеңестік дәуірде де қазақ топонимімен аталатын елді мекен жер атауларының мүлде болмауы көп мәселенің сырын ашық аңғартып тұрады. Мысалы, бір кезде Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында қазақша ырым үшін бір көше атының болмауы көп нәрсенің сырын ашып айғақтап тұр.

Осындай отаршылдық саясаттың тарихын өз басынан өткізгендердің бірі атақты жазушымыз Ә.Нұрпейісовтің Халықаралық ПЕН клубтың Берлинде өткен конгресінде ашына сөйлеп: «...сол совет дәуірі үстемдік құрып тұрған шақта ол өзінің бүкіл идеологиялық күш қуатын соншалық бір рахымсыз қаталдықпен аз ұлттар тілін түп тамырымен құртуға жұмсағаны белгілі. Тіл құрыса — ұлт құриды. Ал ұлт құрыса — ұлттық мәдениет те, ұлттық дәстүр де, ұлттық сана-сезім де түгелдей құрып, дүниеге тегі, дәстүрі белгісіз бір қасиетсіз халық келетініне совет идеологиясы кәміл білді. Сүйтіп бұрын-соңды жер бетінде болып көрмеген, ешқандай ұлттық нәсілі белгісіз, ешбір Құдайға, дінге сенбейтін, ата-тегі беймәлім ұрпақ — **кеңес адамы** деген жаңа адам жасап шығаруды қолға алды» («Ана тілі», 22. 06. 2006), — деп жазуында Кеңестік жалған идеологияның сырын әшкерелейтін аса мәнді шындық жатыр. Л.И.Брежнев билігі кезінде орталықтың бірыңғай кеңес адамын жасау туралы саяси әрекеті бүгінгі аға ұрпақтың көз алдында өтіп жатты. Осы саясаттың аса қатерлі лебін сезінген көреген жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Касандра таңбасы» романындаға мәңгүрт ұрпақ жасау жолындағы орталықтың саяси мақсатын шеберлікпен әшкерелей суреттеуінде осы ұстанған империялық шовинистік астам саясаттың алысты көздеген адамзат атаулыға жат мақсатын суреттеуде өмірде болған шындықтың ащы шындығы негізге алынған еді.

Бүкіл түрік халықтарының, оның ішінде түрік халықтарының қара шаңырағын иеленіп отырған бүгінгі қазақ елінің ту баста қалыптасқан ата салты, әдет-ғұрпы мен ұлттық дүниетанымы, яғни рухани бар болмысы, тарихтың алапат тарту қуаты орасан зор үш түрлі **иірімінде**, шыр көбелек айналып түбірлі өзгерістерге ұшыраса да, ата-бабаларымыз жан беріп, жан алысып жүріп өзінің тума рухани болмысын сақтап қалған таңғажайып ерлігін тарих ананың өзі де айғақтауда [3].

Тарихтың бірінші иірімінде Қытаймен бетпе-бет келген Гұндар мен Түрік қағанаттары бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүріп тарихтың қатерлі сапырылысына түссе де, табиғи болмысы мен рухани әлемін бастапқы табиғи қалпында сақтап қалды. Тілі, ділі, діні де мұқалмай таза табиғи қалпында келесі ұрпақ қолына жетті. Халқымыздың болашақ тағдыры тарихтың қайталанбас алапат төртінші иірімінің тарту күшін сезінуде.

Әдебиеттер тізімі

1. *Айзахметов А.* Рождение тюркского мира. — Тараз, 2004.
2. VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. — Алматы, 1985. — 21-б.
3. *Мурад Аджи.* Европа, Тюрки, Великая степь. — М., 2004.